

Бекітілген

Қызылорда облысының білім басқармасының

«Қазіргі астананы баулау» білім бөлімінің»

№26 «Ақтоғай» Бөбекжай-балабақшасының МКҚК

менгерушісі: Ережепова Г.Ш

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
бағдарламасының негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

музыка жетекшісі: Бержанова.Р.К

Түсінік хат

2025– 2026 оқу жылында «» «» ортаңғы тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама), Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.

Айы	Ұйымдас/н іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қыркүйек	Музыка	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: эн, би, маршпен таныстыру.	Музыка жанрлары: эн мен маршты, биді таниды;
Қазан	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.	Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген;
қараша	Музыка	Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді;
Желтоқсан	Музыка	Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.	Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады;
Қаңтар	Музыка	Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту.	Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды;
Ақпан	Музыка	Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.	Дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұнды, ойнақы, әуенді); музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады; қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі;

		Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.	
наурыз	Музыка	Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.	Билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді;
сәуір	Музыка	Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.	Қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі;
мамыр	Музыка	Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	Балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.